

Ұлан ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға жайылымдарды басқару мен оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 8 тамыздағы № 221 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 6 қыркүйекте № 5-17-191 болып тіркелді

Ұлан ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға жайылымдарды басқару мен оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 8, 13 - баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұлан ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Ұлан аудандық
мәслихат хатшысы*

С. Кучерин

О. Сыдыков

Ұлан аудандық мәслихатының
2018 жылғы 8 тамыздағы
№ 221 шешімімен бекітілді

Ұлан ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Кіріспе

2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының "Жайылым туралы" Заңының қабылдануына байланысты жерді оңтайлы пайдалануға және жайылым жағдайы мен оның инфрақұрылымын жақсартуға, азғындаушылық үрдісті болдырмауға, ауылшаруашылық мал басын көбейтуге, оның келешекте өсуіне

байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу туралы жайылымдарды басқару бойынша жоспар әзірлеу қажеттігі туындады.

Ұлан ауданы Шығыс Қазақстан облысының орталық бөлігінде Ертіс өзенінің сол жағалауында таулы-далалы, құрғақ далалы аймағында орналасқан. Таулы-далалы аймақ таулы шалғынды дала, тау бөктеріндегі далалы бірқалыпты-ылғалды және далалы бірқалыпты-құрғақ белдем тармақты аймақтарға бөлінеді. Ауа райы бірқалыпты – құрғақ, бірқалыпты ыстық, жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 360-390 миллиметр. Ауа температурасының ең төмендігі – 45, ең жоғарғысы 40. Орташа жылдық температура 10. Салыстырмалы ылғалдылық 68 %. Оңтүстік-шығыс және солтүстік – батыс бағыттарында жел басым, орташа жылдық жылдамдығы 2,7 секундына метр.

Топырағы күңгірт-құба, таулы жерде оңтүстіктік қара топырақ, қарапайым қара топырақ, оңтүстік қара топырағы, тау қаратопырағы сілтісіз және қарапайым.

Өсімдік жабыны селеулі-бетегелі-жусанды, селеулі-бетегелі-бозды-бетегелі, бозды-бетегелі-астық тұқымдасты, жұмсақ сабақты және бұталы-шымқабатты- астық тұқымдасты бозды бетегесімен екенін білдіреді.

Тұрақты қарлы жабын қараша айының ортасында орнайды, сәуірдің бірінші декадасында көшкін жүреді. Аязсыз мерзімнің ұзақтығы 130-150 күн.

Ертіс өзенінің алабы гидрография болып табылады. Ерекше ірі өзендер: Қарасу, Құрық, Песчанка, Дресвянка, Ұлан, Уранхай, Тарғын, Огневка, Аюды, Манат, Артымбек, Сібе, Талдыбұлақ, Қызылсу, Балабай және тағы басқа көптеген өзендер мен арықтар.

Ұлан ауданының жер көлемі 962481 гектар, халық саны 40,6 мың адам және 13 ауылдық, 3 кент округіне бөлінген. Аудан орталығы Қасым Қайсенов кенті облыс орталығы Өскемен қаласының оңтүстігіне қарай 12 километр жерде орналасқан.

Санаттары бойынша жерді бөлу

р/ с №	Жер санатының атауы	Барлық жер га	жайылымдар		
			Барлығы	Оның ішінде	
				Айналма	М а л айдайтын жер
1	Ауыл шаруашылығы белгіленген жер	561779	352186	218068	105380
2	Елді мекендер жері	76606	64007	55506	0
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа да ауыл шаруашылығы белгіленбеген жерлер	8584	3785	3664	0
4	Табиғи аумақтардағы ерекше қорғаудағы жерлер	91	11	10	1
5	Орман қорындағы жерлер	129621	19168	0	0
6	Су қорындағы жерлер	15753	2922	797	0
7	Қорда тұрған жерлер	161158	107146	17197	24030

8	Басқа аудандар пайдаланып отырған жерлер	8888	7178	7178	0
	БАРЛЫҒЫ	962480	556403	302420	129411

Қазіргі уақытта ауданда ауыл шаруашылық мал басы құрайды:

Ірі қара – 52 397

Ұсақ мал – 97 143

Жылқы – 22 082

Түйе – 57

Марал – 1 215

Шошқа – 7 316

Құс – 1 674 337

2018 жылғы ауылшаруашылық малдары мен құстарын округтар бойынша бөлу кестесі

р/с №	Ауылдық округ атауы	Ірі қара	Ұсақ мал	Жылқы	Түйе	Марал	Шошқа	Құс
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Аблакет ауылдық округі	8131	18924	3172	0	0	22	5625
2.	Азовое ауылдық округі	1505	1992	443	0	0	6	2297
3.	Айыртау ауылдық округі	3327	6333	2114	0	0	0	1146
4.	Алмасай ауылдық округі	2778	5489	926	57	0	0	1310
5.	Багратион ауылдық округі	4459	3114	1117	0	1215	134	3732
6.	Бозанбай ауылдық округі	6801	19239	3747	0	0	0	1209
7.	Егинсу ауылдық округі	5179	13205	2885	0	0	0	1211
8.	Каменка ауылдық округі	3159	2431	1073	0	0	95	4248
9.	Саратов ауылдық округі	1821	2721	562	0	0	65	2850
10.	Таврия ауылдық округі	3561	4044	2117	0	0	575	4980
11.	Тарғын ауылдық округі	5377	7037	3005	0	0		1366
12.	Төлеген Тохтаров ауылдық округі	1750	4658	435	0	0	921	4783
13.	Өскемен	1877	1486	112	0	0	1327	2801
14.	Асубулак кенті	1624	1401	291	0	0	14	1620
15.	Огневка кенті	87	19	6	0	0		378
16.	Қасым Қайсенов кенті	333	649	73	0	0	2	
17.	Ауыл шаруашылық құрылымдары	628	3490	4	0	0	4157	1634781
	Барлығы	52397	96232	22082	57	1215	7318	1674337

Ауылшаруашылық малдар мен құстарға ветеринарлық қызмет көрсету үшін ауданда ұйымдастырылды:

Ветеринарлық пункттер – 14

Мал қорымы – 24

Негізгі бөлім

Жайылымдарды басқару және оны пайдалану бойынша жоспарды ұйымдастыру үшін құрастырылды:

- әкімшілік – аумақтық бірліктер аумағындағы жер иелерінің және жерді пайдаланушылардың жер санатының қимасында жайылымдардың орналасу сызбасы;
- жайылым айналымының қолайлы сызбасы;
- сыртқы және ішкі шекарасы белгіленуімен жайылым көлемінің картасы;
- су көздеріне қолжетімділік сызбасы;
- жайылымдары жоқ және берілген жер телімдеріне мал бастарын ауыстыру мүмкіндігі жоқ заңды және жеке тұлғалардың ауылшаруашылық мал бастарын жайғастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу сызбасы;
- жеке және заңды тұлғалардың ауылшаруашылық мал бастарын мал айдайтын жайылымдарға орналастыру сызбасы;
- ауылшаруашылық малдарын жаю және жылжытудың мерзімдік бағыттарын орнататын жайылымдарды пайдаланудың күнтізбелік кестесі;

Ауылдық округ бойынша өздерінде бар және қажетті жайылымдар КЕСТЕСІ

р/с №	Ауылдық округ атауы	Елді мекен жерлері	Оның ішінде жайылым	Мал басының саны	Жаю нормасы	Норма бойынша көлемі	Қосымша ж е р телімдері
1	Аблакетка ауылдық округі Өндірістік емес	5368		Ірі қара мал-3705 Ұсақ мал-8239 Жылқылар-412	7,5 1,5 9,0	27788 12358 3708	
	Барлығы					43854	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал-4426 Ұсақ мал-10685 Жылқылар-2760	7,5 1,5 9,0	33195 16028 24840	
	Барлығы					74063	
	Барлығы					117917	
2	Азовое ауылдық округі Өндірістік емес	5613		Ірі қара мал - 1300 Ұсақ мал - 1992 Жылқылар - 2760	7,5 1,5 9,0	9750 2988 2898	
	Барлығы					15636	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -205 Ұсақ мал -0 Жылқылар - 121	7,5 1,5 9,0	1538 0 1089	
	Барлығы					2627	
	Барлығы					18263	

3	Айыртау ауылдық округі Өндірістік емес	4013	Ірі қара мал-2150 Ұсақ мал-3468 Жылқылар-879	7,5 1,5 9,0	16125 5202 7911	
	Барлығы				29238	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар		Ірі қара мал-1177 Ұсақ мал-2865 Жылқылар-1235	7,5 1,5 9,0	8828 4298 11115	
	Барлығы				24241	
	Барлығы				53479	
4	Алмасай ауылдық округі Өндірістік емес	5229	Ірі қара мал -1531 Ұсақ мал-2423 Жылқылар-334	7,5 1,5 9,0	11482 3634 3006	
	Барлығы				18122	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар		Ірі қара мал -1247 Ұсақ мал -3066 Жылқылар-926 Түйелер -57	7,5 1,5 9,0 10,5	9352 4599 8334 598	
	Барлығы				22883	
	Барлығы				41005	
5	Багратион ауылдық округі Өндірістік емес	4712	Ірі қара мал -1928 Ұсақ мал -2672 Жылқылар-480	7,5 1,5 9,0	14460 4008 4320	
	Барлығы				22788	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар		Ірі қара мал -2531 Ұсақ мал-442 Жылқылар -637 Маралы-1215	7,5 1,5 9,0 4,5	18982 663 5733 5468	
	Барлығы				30846	
	Барлығы				53634	
6	Бозанбай ауылдық округі Өндірістік емес	8719	Ірі қара мал -3721 Ұсақ мал -6209 Жылқылар -1120	7,5 1,5 9,0	27907 9314 10080	
	Барлығы				47301	
	Шаруа қожалықтары және Ауыл шаруашылығын қалыптастырушылар		Ірі қара мал -3080 Ұсақ мал -13030 Жылқылар -2627	7,5 1,5 9,0	23100 19545 23643	
	Барлығы				66288	
	Барлығы				113589	
	Егинсу ауылдық округі Өндірістік емес	7302	Ірі қара мал -2264 Ұсақ мал -3260 Жылқылар -612	7,5 1,5 9,0	16980 4890 5508	
	Барлығы				27378	

7	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -2915 Ұсақ мал -9945 Жылқылар -2273	7,5 1,5 9,0	21862 14918 20457	
	Барлығы					57237	
	Барлығы					84615	
8	Каменка ауылдық о к р у г і Өндірістік емес	4783		Ірі қара мал -1310 Ұсақ мал -1861 Жылқылар -175	7,5 1,5 9,0	9825 2792 1575	
	Барлығы					14192	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -1849 Ұсақ мал -570 Жылқылар -898	7,5 1,5 9,0	13868 855 8082	
	Барлығы					22805	
	Барлығы					36997	
9	Саратовка ауылдық о к р у г і Өндірістік емес	2938		Ірі қара мал -923 Ұсақ мал -2453 Жылқылар -318	7,5 1,5 9,0	6922 3680 2862	
	Барлығы					13464	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -898 Ұсақ мал -268 Жылқылар -244	7,5 1,5 9,0	6735 402 2196	
	Барлығы					9333	
	Барлығы					22797	
10	Таврия ауылдық о к р у г і Өндірістік емес	8574		Ірі қара мал -2730 Ұсақ мал -2767 Жылқылар -1146	7,5 1,5 9,0	20475 4150 10314	
	Барлығы					34939	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -831 Ұсақ мал -1277 Жылқылар -971	7,5 1,5 9,0	6232 1915 8739	
	Барлығы					16886	
	Барлығы					51825	
11	Тарғын ауылдық о к р у г і Өндірістік емес	8801		Ірі қара мал -3872 Ұсақ мал -5210 Жылқылар -1868	7,5 1,5 9,0	29040 7815 16812	
	Барлығы					53667	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е						

	А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -1505 Ұсақ мал -1827 Жылқылар-1137	7,5 1,5 9,0	11288 2740 10233	
	Барлығы					24261	
	Барлығы					77928	
12	Төлеген-Тохтар ауылдық округі Өндірістік емес	2829		Ірі қара мал -640 Ұсақ мал -1388 Жылқылар-180	7,5 1,5 9,0	4800 2082 1620	
	Барлығы					8502	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -1110 Ұсақ мал -3270 Жылқылар-255	7,5 1,5 9,0	8325 4905 2295	
	Барлығы					15525	
	Барлығы					24027	
13	Өскемен ауылылық о к р у г і Өндірістік емес	2406		Ірі қара мал -1342 Ұсақ мал -1486 Жылқылар -101	7,5 1,5 9,0	10065 2229 909	
	Барлығы					13203	
	Шаруа қожалықтары ж ә н е А у ы л шаруашылығын қалыптастырушылар			Ірі қара мал -535 Ұсақ мал -0 Жылқылар-11	7,5 1,5 9,0	4012 0 99	
						4111	
						17314	
14	Асубұлақ кенті Өндірістік емес	6132		Ірі қара мал -1624 Ұсақ мал -1401 Жылқылар-291	7,5 1,5 9,0	12180 2102 2619	
	Барлығы					16901	
	Барлығы					16901	
15	Огневка кенті Өндірістік емес	237		Ірі қара мал -87 Ұсақ мал -19 Жылқылар-6	7,5 1,5 9,0	652 28 54	
	Барлығы					734	
	Барлығы					734	
16	Қасым Қайсенов кенті			Ірі қара мал -333 Ұсақ мал -649 Жылқылар-73	7,5 1,5 9,0	2498 974 657	
	Барлығы					4129	
	Барлығы					4129	
	Аудан бойынша барлығы	77656		Жеке қосалқы шаруашылықтар, шаруа қожалықтары және тағы басқалар.		364 048 371 106	
	БАРЛЫҒЫ					735 154	

Жеке және заңды тұлғалардың ауылшаруашылық мал басын жайылымдармен қамтамасыз ету үшін ауылдық елді мекендерге норма бойынша 364 048 га жайылым қажет, ірі қараны жаюға: Ірі қара – 180 күн, Ұсақ мал – 240 күн, жылқы – 270 күн. Осы мерзімге елді мекендердегі жер телімі 76 606 га құрайды.

Ірі қара мал басын жайылымда ұстау үшін қажетті жембірлігі есебі:

Ірі қара – 29460 бас x 9,4 жем бірлігі = 276924 жем бірлігі.

Ұсақ мал – 45497 бас x 3,0 жем бірлігі = 136491 жем бірлігі.

Жылқы – 13344 бас x 16,0 жем бірлігі = 213504 жем бірлігі.

Барлығы = 626919 жем бірлік.

Орташа өнімділік гектарынан 3,8 центнер болғанда аудан бойынша жайылымның жетіспеушілігін ірі қараны қорада ұстау, жемдеуіш егіс айналымын дамыту және айдалымдағы мал шаруашылығы үшін жаздық жайылымды белсенді енгізу арқылы орнын толтыру қажет.

Жайылымдарды құру және пайдалану

Табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізі жайылым айналым болып табылады. Бұл жайылымды пайдалану және тізбекті кезекпен жаю мен жер оттылығын жақсарту бойынша шаралар өткізілуімен, демалдыру үйлесімі жолымен оған қолдау жасауға және оның өнімділігін арттыруға бағытталған күтім жасау жүйесі болып табылады. Жайылым айналымның міндеті, бұл өсімдіктердің дамуы жағдайына ірі қараны жаюға теріс әсер беруін төмендету.

Жайылымның жоғары сапасын сақтау үшін өршітуді жайылымдағы өсімдік 8-10 сантиметрге жеткенде бастау қажет. Бұл уақытқа дейін жаңа өскіндерге өсімдік тамыр жүйесінде құнарлы заттардың жеткілікті қорын жинақтап үлгереді. Жайылымдарға белгілі мерзім уақытына демалыс беру – оларды жақсартудың бірден бір шарасы. Бұл шараның мазмұны жайылымды демалдырған белгілі бір уақыттан соң өсімдіктер тұқым шашып жас өскіндер өнгеннен соң жайылымдарды беру болып табылады.

Оларды пайдалануға қолайлы жағдай туғызу мақсатында осы жоспармен әрбір ірі қара жаю тобына өз жайылымдарын бекіту қарастырылды.


Жайылым алқабының өнімділігін арттыру және оның келешектегі азғындаушылығын болдырмау үшін жоспар бойынша оны 3 далалық жайылым айналымын пайдалану жүйесінде пайдалану көзделуде.

Бір табын үшін 3 далалық жайылым айналымының сызбасы

Жылдар	Телімдер		
	1	2	3
1	өріс	өріс	демалыс

Ұлан ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану туралы жоспарға № 2 қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары



-  - ауданның шекарасы
-  - ауылдық округтердің шекарасы
-  - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, каналдарға, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу

Жайылым жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын
орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Шартты белгілері және символдары

- ауданның шекарасы
- аудандық округтердің шекарасы
- жайылым жоқ жеке және (заңды) тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе)
заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығын жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға
орналастыру схемасы



Ұлан ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану туралы
№ 7 қосымша

Жайылымдарды пайдалану бойынша күнтізбелік кесте

Жылдар	Телімдер		
	1	2	3
1	Көктем-жаз	Жаз-күз	демалыс
2	Жаз-күз	демалыс	Көктем-жаз
3	демалыс	Көктем-жаз	Жаз-күз